

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 211 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия

Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы

еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

2004 жылғы 11 қарашада Женева қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі

арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы

келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметінің арасындағы 1997 жылғы 11 қарашадағы еркін сауда туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісті:

1. Келісімнің 2 - бабында :

1 - т а р м а қ т а :

"жыл сайын" деген сөздер алынып тасталсын;
"Хаттамамен" деген сөздің алдынан "осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын көрсетілген Хаттамаға сәйкес Қазақстан Республикасы мен Грузия арасында қолданылатын еркін сауда режимінен алуларды қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы еркін сауда режимінен алуларды кезең-кезеңімен жою кестесіне сәйкес ж о ю ғ а к е л і с т і . " ;

2 - тармақ алынып тасталсын;

мынадай редакцияда жаза отырып, 3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін:

"2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және оны қолдану кезеңіндегі Тараптар мемлекеттерінің кеден аумағынан шығатын тауарлар деп, шығарылуы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарларды шығаратын елдерді айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлар ұғынылады."

2. Келісім осы Хаттаманың қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

2004 жылғы 11 қарашада Женева қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жасалған, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Грузия Үкіметі арасындағы
1997 жылғы 11 қарашадағы еркін
сауда туралы келісімге өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы
хаттамаға қосымша

"Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Грузия Үкіметі арасындағы
1997 жылғы 11 қарашадағы еркін
сауда туралы келісімге

қосымша

**Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы
еркін сауда режимінен алуларды кезең-кезеңімен жою
кестесі**

СЭҚ ТН коды	Тауар атауы	Алуларды жою мерзімі
2203	Уытты сыралар:	2005 жылғы 1 сәуір
2205	Өсімдік немесе хош иісті заттар қосылған вермуттар мен өзге де жүзімнен жасалған табиғи шараптар	2005 жылғы 1 сәуір
2206	Өзге ашытылған сусындар (алма сидрі, перри /алмұрт сидрі/ бал сусыны); ашытылған сусындардан жасалған көспалар мен басқа жерде аталмаған ашытылған сусын көспалары мен алкогольсіз сусындар	2005 жылғы 1 сәуір
2207	Көлемі 80% немесе одан да көп спирт көспасы бар денатураландырылмаған этил спирті; этил спирті және өзге денатураландырылған, кез келген көспадағы спирттер	2006 жылғы 1 қаңтар
24	Темекі және темекіні өнер- кәсіптік алмастырғыштар	2005 жылғы 1 сәуір
170199100	Ақ қант	2005 жылғы 1 сәуір

"

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы еркін сауда туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия
Ү к і м е т і ,
өзара экономикалық ынтымақтастықты еркін дамытуды ұстанатындықтарын растай
о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасы мен Грузияның қалыптасқан интеграциялық
экономикалық байланыстарын ескере отырып,
тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы өзара келісілген
шараларды жүзеге асыруды талап ететінін тани келіп,

Қазақстан Республикасы мен Грузияның Тарифтер және сауда жөніндегі Бас Келісімнің (ТСБК) және Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымының (БСҰ) принциптерін ұстанатындықтарын растай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар, тең құқық, өзара тиімділік және мүдделілік принциптерін басшылыққа алып, Тарап-Мемлекеттерде қолданылатын заң актілерін сақтай отырып, тіке шаруашылық байланыстардың негізінде, меншік түрлеріне қарамастан, шаруашылық қызметі субъектілері арасында сауда-экономикалық қатынастарды дамытып, кеңейтетін болады.

Тараптардың әрқайсысы басқа Тарабына экономикалық нұқсан келтірерлік әрекеттерге бармайтын болады.

2-бап

1. Тараптар бірінің кеден аумағынан шығып, басқа Тарабының кеден аумағына арналған тауарлардың кедендік ресімделуіндегі алымдардан, сондай-ақ экспортына және/немесе импортына қойылатын сандық шектеулерінен басқа, барабар күші бар кедендік баж алым, салықтар қолданбайды. Жыл сайын, екі жақты негізде жеке Хаттамамен ресімделіп, тауарлар келісілген номенклатура бойынша аталған сауда тәртібінен алынып отырады.

2. Тараптар, осы баптың 1-тармағына сәйкес, еркін сауда тәртібінен алынатындардың тізбесін, сондай-ақ осы алынатындарды қолданудың жалпы әдістерін жыл сайын әзірлеп келісіп, отырады.

3. Осы Келісімнің және оның қолданылу кезеңіндегі мақсаттар үшін, Тарап-мемлекеттердің кеден аумағынан шығатын тауарлар деп, халықаралық нормаларға сәйкес тауар шыққан елдің Айқындайтын ережесімен белгіленген тауарларды айтамыз.

3-бап

Ә р б і р Т а р а п :

- ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға салынатын тиісті салықтардан немесе алымдардан асатын ішкі алым немесе салықтарды осы Келісімнің күші қолданылатын тауарларға тікелей немесе жанама салмайтын;

- басқа Тараптан шығатын тауарларды жинастыруға, қайта тиеуге, сақтауға, тасымалдауға, сондай-ақ төлемдерге және төлемдерді аударуға қатысты, осындай

жағдайларда өз тауарларына немесе үшінші бір елден шығатын тауарларға қатысты қолданылатындарынан өзге ережелерді қолданбайтын болады.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде өзара саудада тауарлардың экспортына және/немесе импортына, кемсітушілік шаралар қолданудан, сандық шектеулер немесе оларға барабар шаралар қолданудан бас тартатын болады.

Тараптар тек, ақылға сай шамамен және қатаң белгілі бір мерзімге біржақты түрде сандық немесе өзге арнайы шектеулер тағайындай алады.

Аталған шектеулер айрықша сипатта болуға тиіс және ТСБК мен БСҰ шеңберінде көзделген келісімдер жағдайында ғана қолданылуы мүмкін.

Осы бапқа сәйкес сандық шектеулер қолданатын Тарап аталған шектеулерді қолдануды енгізудің негізгі себептері, оның нысаны мен болжамды мерзімдері туралы басқа Тарапқа мүмкіндігінше күні бұрын толық ақпарат табыс етуге тиіс, осыдан кейін консултация тағайындалады.

Баптың 1-тармағында аталған сандық шектеулер, сондай-ақ Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша белгіленіп, Хаттамамен ресімделуі мүмкін.

5-бап

Тараптар, осы тауарлар өз аумағынан шыққан басқа Тараптың оның экспортына қатысты тарифтік немесе тарифтік емес реттеу шараларын қолданатын, сол тауарларды қайта экспорттауға жол бермейтін болады.

Тараптар тарифтік немесе тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың тізімдерін алысады.

Осы тауарлар шығатын елдің мемлекетінің өкілетті органының жазбаша келісімімен және сол айқындаған жағдайлармен мұндай тауарлар үшінші бір елге қайта экспортталуы мүмкін. Осы ереже орындалмаған жағдайда, мүддесі бұрмаланған Тарап рұқсатсыз қайта экспорттауға жол берген Тараптың аумағына тауарлар шығаруды біржақты түрде реттеу жөнінде шараларды енгізуге құқылы. Рұқсатсыз қайта экспортталған жағдайда, тауарлар шығатын ел, келтірілген зиянның өтемін талап етуі және айыпшара қолдануы мүмкін.

Осы бапта, қайта экспорттау деп, басқа Тараптың, тауарларды үшінші бір елге экспорттау мақсатымен келесі бір Тараптың кеден аумағынан шығатын тауарларды оның аумағынан тысқары жерлерге шығаруын айтамыз.

6-бап

Тараптар арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі барлық есеп айырысу мен төлемдер Тараптардың өкілетті банктері арасында есеп айырысу ұйымдастыру туралы Банкаралық келісімге сәйкес жүзеге асырылуға тиісті.

7-бап

Тараптар кедендік статистиканы қоса алғанда, экономикалық қызметке байланысты заңдар және басқа нормативтік актілер, соның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банк, сақтандыру қызметтері және өзге де қаржылық қызметтер, көлік және кеден мәселелері жөнінде тұрақты негізде ақпарат алысатын болады.

Тараптар осы Келісімнің орындалуына ықпал етуі мүмкін, ұлттық заңдардағы өзгерістер туралы бір-біріне кідіріссіз хабарлайды.

Мұндай ақпарат алысудың ретін Тараптардың өкілетті органдары келісіп алады.

О с ы б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

кез-келген Тараптың құзырлы органдарын Тараптардың бірінің заңы бойынша немесе кәдімгі әкімшілік іс-тәжірибесінің барысында алуға болмайтын ақпар б е р у л е р і н е ;

қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, сауда-саттық немесе кәсіптік құпияны немесе ашылуы Тараптардың мемлекеттік мүдделеріне қайшы келетін ақпар берулеріне міндеттейтіндей етіп, түсіндірілмейтін болады.

8-бап

Тараптар теріс іскерлік тәжірибені осы Келісімнің мақсаттарына сай келмейді деп таниды және атап айтқанда, аса бір жағдайларда болсын болмасын, оның мынадай әдістеріне жол бермеуге міндеттенеді:

- Тарап мемлекеттерінің аумағында бәсекелестікке кедергі келтіру немесе шектеу немесе оған жасалған жағдайларды бұрмалау мақсатымен кәсіпорындар арасында жасалған шарттар, кәсіпорындар бірлестігі қабылдаған шешімдер және іс-тәжірибесінің ж а л п ы ә д і с т е р і ;

- Тарап мемлекеттерінің аумағының барлық немесе едәуір бөлігінде бәсекелестікті шектей отырып, бір немесе бірнеше кәсіпорынның өздерінің үстем жағдайын пайдаланатын іс-әрекеті.

9-бап

Тараптар статистикалық ақпарат алысу, кедендік рәсімдер жүргізу үшін екіжақты экономикалық қарым-қатынастың тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүзеге асыру кезінде Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлесімді жүйесіне және Еуропалық Экономикалық Одақтың Құрамды тарифтік-статистикалық

номенклатурасына негізделген Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (СЭҚ ТН) бірыңғай тоғыз таңбасын пайдаланатын болады. Тараптар бұл орайда, өз қажеттіліктері үшін қажет болғанда, тоғыз таңбадан тыс Тауарлық номенклатураны дамытуды жүзеге асырады.

Тиісті халықаралық ұйымдардағы өкілеттіктер арқылы өзара келісілген негізде тауарлық номенклатураның эталондық нұсқасы енгізіледі.

10-бап

Тараптар транзиттік өту еркіндігі принципін сақтау осы Келісімге қол жеткізудің аса маңызды шарты және халықаралық еңбек бөлінісі мен серіктесу жүйесіне қосылу процесінің елеулі буыны екендігімен келіседі.

Осыған байланысты әрбір Тарап басқа Тараптың және/немесе үшінші бір елдің кедендік аумағынан шығатын және басқа Тараптың немесе кез келген үшінші бір елдің кедендік аумағына арналған тауарлардың өз аумағы арқылы кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді және экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға өзінің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе үшінші бір мемлекеттің экспорттаушыларына, импорттаушыларына немесе тасымалдаушыларына берілетіндерінен кем болмайтындай етіп, құралдар мен қызметтердің транзитін қамтамасыз ету үшін қолындағы барлық жағдайларды ж а с а й т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттердің аумағы бойынша жүктерді өткізудің реті мен шарты Халықаралық тасымалдаудың ережелеріне сәйкес реттеледі.

11-бап

Егер бұл шаралар мыналарға қатысы болса, осы Келісім Тараптардың кез-келгенінің өзінің өмірлік мүдделерін қорғау үшін қажет деп санайтын немесе ол қатысып отырған немесе қатыспақ ниеті бар халықаралық шарттарды орындауы үшін сөзсіз қажетті, халықаралық іс-тәжірибеде жалпы қабылданған шараларды қолдану құқығына кедергі болмайды, олар:

ұлттық қорғаныс мүдделері;
қару-жарақ, оқ-дәрі және әскери техника саудасы;
қорғаныс қажеттілігімен байланысты өндірістер үшін зерттеулер;
ядролық өнеркәсіпте пайдаланылатын материалдар мен құрал-жабдықтар беру;
қоғамдық имандылықты, қоғамдық тәртіпті қорғау;
өнеркәсіп немесе ақыл-ой меншігін қорғау;
алтын, күміс немесе өзге құнды металдар және асыл тастар;
адам денсаулығын және айнала ортаны қорғау.

12-бап

Тараптар экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін жасау үшін экспорттық бақылаудың келісімді саясатын жүргізу мақсатында үшінші бір елге қатысты тұрақты түрде консультация өткізіп, өзара келісілген шаралар қабылдайтын болады.

13-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар арасында бұрын жасалған екіжақты келісімдердің ережелерін, осы Келісімге сәйкес келмейтін, не онымен ұқсас келетін шамасына қарай алмастырады.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы дау-талас келіссөздермен шешілетін болады.

Тараптар өзара сауда мәселесінде шиеленісті жағдайды болдырмауға ұмтылатын болады.

Әрбір Тарап өз аумағында төрелік сот шешімдерін тану және оны жүзеге асыру жөнінде тиімді құралдар болуын қамтамасыз етеді.

15-бап

Қажет болған жағдайда, Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

16-бап

Осы Келісім, Тараптардың осы үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағандары туралы жазбаша хабарлама алысқан мерзімнен бастап күшіне енеді және Тараптың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген мерзімнен бастап алты ай өткенге дейін күшінде болады.

Осы Келісімнің күші тоқтатылғаннан кейін, оның ережелері оның күшінде болған мерзімінде екі елдің кәсіпорындары мен ұйымдары арасында жасалған, бірақ орындалмаған шарттамаларға, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге қолданылатын болады.

1995 жылғы 11 қарашада Алматы қаласында, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данамен жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мақсатымен орыс тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы 1997 жылғы 11 қарашаның Келісімдегі
еркін сауда тәртібінен алынатындар туралы
ХАТТАМА**

Қазақстан Республикасы мен Грузияның уәкілетті өкілдері мына төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасады:

1-бап

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы 1997 жылғы 11 қарашадағы Келісімнің 2-бабымен көзделген алынатындар N 1 қосымшаға сай Грузиядан Қазақстан Республикасына экспортталатын тауарларға қ о л д а н ы л а д ы .

Қазақстан Республикасынан Грузияға экспортталатын тауарлардың тізбесі қажет болған кезде анықталатын болады.

2-бап

1. Тараптар осы Хаттаманың 1-бабына сәйкес еркін сауда тәртібінен алынатындары қолданылатын тауарларға, соның ішінде мыналарға қатысты бір-біріне аса қолайлы ж а ғ д а й ж а с а й д ы , о л а р :

- осындай алым-салықтарды алудың әдісін қоса алғанда, экспортталғанда (N 1 қосымшада аталған тауарларға қатысты) алынатын алым-салықтар;

- транзиттеуге, тасымалдауға, жинастыруға, қайта тиеуге және басқа осындай қызметтерге қ а т ы с т ы е р е ж е л е р ;

- төлем және төлем аудару әдістері;

- импорттық лицензиялар беру;

- ішкі нарықта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге және п а й д а л а н у ғ а қ а т ы с т ы е р е ж е л е р .

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайтындары:

- Тараптардың кез-келгенінің Кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру мақсатымен немесе осындай одақ не, аймақ құру нәтижесінде үшінші бір елге беретін б а с ы м д ы қ т а р ы ;

- Тараптардың заңдарына сәйкес дамушы елдерге берілетін басымдықтары шекара бойындағы сауданы жеңілдету мақсатымен көрші елдерге берілетін басымдықтар;

- арнайы келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне беретін басымдықтары.

3-бап

Тарап-Мемлекеттердің кеден аумағына тауарлардың экспорты мен импорты кезінде кедендік ресімдеуде қолданылатын, тауарлардың (жұмыс пен қызметтің) экспорты мен импортын лицензиялау және квоталау туралы өздерінің заңдарына сәйкес, тараптар өзара саудада тарифтік емес реттеу шараларын сақтайды.

4-бап

1. Осы Хаттама Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы 1997 жылғы 11 қарашада Келісімнің ажырамас бөлігі болады және осы Келісіммен бір мезгілде күшіне кіреді.

2. Осы Хаттама Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы 1997 жылғы 11 қарашада Келісімнің 2-бабымен көзделген, жаңа Хаттама жасалғанға дейінгі кезеңде күшінде болады.

1997 жылғы 11 қарашада Алматы қаласында, әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде, екі түпнұсқа данамен жасалды.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Грузия Үкіметі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен
Грузия Үкіметі арасындағы Еркін
сауда туралы Келісімдегі Еркін
сауда тәртібінен алынатындар
туралы Хаттамаға
N 1 Қ О С Ы М Ш А

1997 жылғы _____

Грузиядағы Қазақстан Республикасына экспортталғанда еркін сауда тәртібінен алуға жататын тауарлардың Тізбесі

Тауардың аты	ВЭД ТН-сының коды
Алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер	22-топ (2201, 2202, 2204, 2208, 2209-дан басқа)
Темекі, темекіні өндірістік ауыстыратындар	24-топ
Қант	1701 99 100

Ескерту: Шараптар мен коньяктарды есептемегенде, алкогольді өнімдер. Грузиядан жеткізілетін шараптар мен коньяктарды жеткізу көлемі мен маркалары жыл сайын бекітілетін квоталарға сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК